

**Техникалық сипаттама
(ЛОТ № 4)**

| № | Атауы | Сипаттамасы | Саны |
|---|--|---|-------|
| 1 | «Жасөспірімдердің арасындағы кибербуллингтің алдын алудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» атты монографияны баспадан шығару. | Көлемі: 200 бет Монографияның сыртқы мұқабасы қатты, түрлі-түсті; іші сапалы А4 қағаз (өлшемі: А4 стандарты: 210 x 297 мм, тығыздығы (плотность): 90- 100 г/м ² , ақтық деңгейі (белизна): 100- 110 % ISO стандарты бойынша және түрлі түсті) | 100 |
| 2 | «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде брендті басқару: Түркістан облысы мысалында» атты монографияны баспадан шығару. | Көлемі: 170 бет Форматы: 60x84/16 Қаріп түрі «Times New Roman» Мәтін: қазақ тілінде Мұқаба: тақырыпқа сай түрлі-түсті. Қағаз: офсеттік Таралым: 500 дана Көрсетілетін қызмет түрлері: таралыммен басып шығару, тасымалдау. | 500 |
| 3 | «Қазақстан тарихы» пәнінің оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы дамыту» атты монографияны баспадан шығару. | Формат: 84x108 1/16 (145x200) Мұқаба (қатты) №4 (матовый) Беттер саны: 210+ бет (13,5 п.л.) Ішкі блок: 80 гр офсет, басу: 1+1 Қызметтер: Редакциялау, ISBN алу, түзету, верстка, мұқаба дизайны, түзетулер енгізу, тираждау. | 239 |
| 4 | «Салауаттылық өлшемі (шкаласы)» атты оқулығын баспадан шығару. | Формат: 84x108 1/16 (145x200) Мұқаба (қатты) №4 (матовый) Бет саны: 223 бет, (баспа табағы: 14) Ішкі блок: 80 гр. офсет, қағаз: 1+1 Қызмет: Редакциялау, қателерді түзету, бетті белгілеп орналастыру (верстка), мұқаба дизайны, өзгерістер, таралым жасау, суреті бар беттерді түрлі-түсті қағазға басу, ISBN алу | 200 |
| 5 | Ақпараттандырылған келісімі бар пациенттерді тексеру карталары және нұсқаулықтар | Пішімі А5 Түстілігі мұқабасы түрлі түсті Қағаз офсеттік 80 г/м ² , мұқаба — мелованный 200 г/м ² Тігу / өңдеу түрі брошюровка / желім Шамаменгі тираж 300 дана Сапаға қойылатын талаптар • Баспа сапасы типографиялық деңгейде болуы тиіс, ақаусыз, бұрмаланусыз; • Қағаз және материалдар мәлімделген сипаттамаларға сәйкес болуы қажет; • Тігілген материалдар бірнеше рет пайдалануға төзімді болуы тиіс; • Қаптама — 50 немесе 100 дана етіп, қорғаныс плёнкасымен; • Жеткізу қызметі тапсырыс беруші мекенжайына дейін жеткізушінің есебінен жүзеге асырылады. | 300 |
| | | Пішімі А5 брошюра Түстілігі мұқабасы түрлі түсті Тігу / өңдеу түрі брошюровка / желім | 10 |
| | Барлығы | | 1 349 |

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және қызмет көрсету шарттары

Қызмет көрсету құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызмет көрсетуге байланысты барлық ықтимал шығындарды, соның ішінде іссапарлық, көлік, логистикалық және өзге де шығыстарды қамти отырып көрсетіледі.

Егер көрсетілетін қызметтің ерекшелігі қосымша жұмыстар мен іс-шараларды жүргізуді талап етсе, қызмет көрсету құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер** енгізілуі тиіс. Оларға, соның ішінде, орнату, баптау, тапсырыс берушінің персоналын оқыту, әдістемелік материалдар ұсыну және нәтижені тиімді пайдалану үшін қажет болған жағдайда кейінгі консультациялық қолдау кіреді.

Қызмет сапасына және сәйкестігіне қойылатын талаптар

Орындаушы қызметтерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкестікте, сондай-ақ санитариялық, экологиялық, техникалық және өзге де міндетті нормативтік талаптарды сақтай отырып көрсетуге міндетті.

Қызметтер техникалық тапсырмада белгіленген талаптарға, көлемге, мерзімдерге және сапа көрсеткіштеріне сәйкес көрсетілуі тиіс. Қызмет көрсету нәтижелері белгіленген талаптарға сәйкес келіп, тапсырыс беруші тарапынан практикалық тұрғыда пайдалануға дайын болуы қажет.

Кепілдік міндеттемелері және сүйемелдеу

Орындаушы қызмет көрсету барысында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді кепілдік кезеңі ішінде өз есебінен жоюға міндетті. Қажет болған жағдайда орындаушы қызмет көрсету нәтижелерін тапсырыс беруші қабылдаған сәттен бастап кемінде 12 (он екі) ай ішінде консультациялық қолдау мен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлем мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Тапсырыс беруші орындаушыдан аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған орындаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Қызмет көрсету мерзімі

Қызметтер келісімшартта белгіленген мерзімде, бірақ келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей көрсетілуі тиіс.